



ХҒТАР16.21.61
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-146-1-193-204>

«Кедей» ұғымына қатысты тілдік бірліктердің этномәдени ерекшелігі (қазақ, қырғыз және түрік тілдерінің материалдары негізінде)

Қ.Қ. Сарекенова^{ID}, Ф.С. Мұхтарова^{ID}

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан

(E-mail: sarekenova@mail.ru, farizam97@gmail.com)

Аңдатпа. Мақала адам макрожүйесіне кіретін «кедей» ұғымына қатысты тілдік бірліктердің этномәдени ерекшелігін қарастыруға арналған. Халықтың болмысын, мәдениетін, рухани және материалдық құндылықтарын, тұрмысын мен танымын, түсінігін тілінен көреміз. Соңдықтан зерттеу мақаласының негізгі мақсаты – кедей ұғымының танымдық сипатын анықтау, қазақ, қырғыз, түрік тілдерінде бұл сөздің ерекшелігін, семантикалық мәнін қарастырып, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын көрсету. Халықтың «кедей» ұғымына қатысты танымы мен ойлары, лексикасы, мақал-мәтелдері, фразеологизмдері мен қанатты сөздері ұсынылды. Қазақ тіліндегі *кедей* микроконцептісіне кіретін байқұс, жалшы, жарлы, жарлы-жақыбай, қара, қайыршы, қараша сөздерінің семантикасы, лингвотанымдық мәні және осы сөздер арқылы жасалған фразеологизмдерге талдау жасалды. Түрік тіліндегі «yoksul» (кедей) сөзінің этимологиясы, бұл атауға қатысты тұрақты тіркестер этнолингвистикалық тұрғыда сараланды. Үш тілде кездесетін ұқсас фразеологизмдер салыстырылып, айырмашылығы көрсетілді. Жалпы тілдің ішкі мағынасын тану арқылы тұтас этносты, халықты тануға болады. Кедей ұғымына қатысты этномәдени бірліктерді зерттеу, олардың шығу тарихын анықтау, қазіргі таңдағы қолданылу аясын қарастыру, әрі халқымыздың тарихи лексикасында, мәдениетінде, салты мен дәстүріндегі орнын айқындау мақаланың өзектілігін аңғартады.

Түйін сөздер: кедей, тұрақты тіркестер, мәдени код, мақал-мәтелдер, этнография, этномәдени аспект.

Кіріспе

Тіл – этностың рухани, материалдық мәдениетінің көрінісі. Тіл ғасырлар бойы қалыптасып дамиды, қоғаммен, халықтың тұрмысымен тығыз байланыста болады. Қоршаған ортада орын алған өзгерістер халық тілінде көрініс табады. Тілді танымдық, мәдени тұрғыдан зерттеу тіл мен этностың, тіл мен ойдың, тіл мен мәдениеттің байланысын көрсетеді. «Тіл және мәдениет» мәселесінің негізгі тұжырымдамаларын В. Гумбольдт, Й.Л. Вайсгербер, Ф. Боас, Э. Сепир, Б. Уорф және басқа ғалымдардың еңбектерінен көруімізге болады. Осы орайда тілдің ішкі мағынасына назар аударған лингвисттердің бірі – В. Гумбольдттың көзқарастарын негізге аламыз. Ғалымның пайымдауынша, әрбір ұлттың, халықтың рухы болады, сол рухты танытатын күш – тіл. Халық рухы мен тіл тығыз байланысты. Адам (ойы, танымы) өзі сөйлейтін тілдің шекарасымен шектелмейді, себебі оның ойын жеткізу үшін кейде сөздің өзі жеткіліксіз, сондықтан халықтың болмысын танытатын этномәдени атаулар қолданылатыны белгілі. Бұл атаулар халықтар тілінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анық таныта алады. Халық тілді жасайды, ал тіл сол халықтың болмысын таныта алады, яғни түрлі тілдер – бір атаудың, тақырыптың әртүрлі көріністері деп пайымдайды. Осы пікірді орыс ғалымы А.А. Потебня қостайды.

Тілдік бірліктерді этномәдени тұрғыда зерттеу дегеніміз халық болмысын, танымы мен ғасырлар бойы жинақтаған мұрасын мәдениеті арқылы тану. Мәдениет – белгілі бір этнос, халық шығармашылығының жиынтығы. Осыған байланысты тілді прагматикалық, танымдық, этнолингвистикалық, этнографиялық, этикалық тұрғыда қарастыру өзекті мәселе. Түркологиядағы этномәдени лексика әлі күнге дейін жүйелі түрде қамтылмаған. Бұл, әрине, оның жеке тілдерде әлсіз дамуымен, лексикалық материалды жинаудың аяқталмауымен байланысты. Сол себепті тілдік бірліктердің этномәдени ерекшелігін қарастыру қай кезде болмасын тіл білімінде өзекті мәселе болып қалмақ. Этномәдени бірліктер белгілі бір ұлттың этнотанымдық, лингвомәдени, тарихи ерекшеліктерін айқындап бере алады.

Ғылыми зерттеудің басты мақсаты – «кедей» ұғымының ұлттық-танымдық сипатын анықтау, қазақ, қырғыз, түрік тілдерінде бұл сөздің ерекшелігін, семантикалық мәнін қарастырып, олардың айырмашылықтарын мен ұқсастықтарын көрсету.

Зерттеу нысаны – Қазақ, қырғыз, түрік тілдеріндегі «кедей» ұғымына қатысты тілдік бірліктердің этномәдени ерекшеліктері.

Зерттеу пәні – «Кедей» ұғымына қатысты фразеологизмдер, мақал-мәтелдер.

Зерттеу әдістері

Зерттеу мақаласын жазу барысында келесі әдістер қолданылды: бағалау, синтездеу, талдау, озық тәжірибені жалпылау, жүйелеу, деректерді жинау, талдау. Қазақ халқының болмысын танытатын этномәдени бірліктерді, этнографиялық ақпараттарды Ш.Уәлиханова, Ы.Алтынсарин, Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов еңбектерінен, ал тәуелсіздік алғаннан кейін этнолингвистика, лингвотаным, лингвомәдениеттану,

этнография сынды іргелі ғылым салаларының дамуына байланысты біршама еңбектерді Байтелиева Ж.Д. (Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі), Сейілхан А.С. (Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні), Тоқтағұл Б.С. (Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты), Айтбаева Ә.Ж. (Бесік жырларының этнолингвистикалық сипаттамасы), Жанпейісова С.Е. (Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы), Шойбеков Р.Н. (Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы), т.б. сынды ғалымдардың зерттеулерінен байқауымызға болады.

Әдебиетке шолу

Ю.В.Бромлей «Этнос және этнография» еңбегінде кез келген этнос, мейлі ол этникалық топ болсын олар мәдениеттің ортақтығымен сипатталады. Оның көптеген функцияларының ішінде бізді этникалық аспект қызықтырады. Этникалық белгілердің негізгі тасымалдаушысы, ортақ мәдениеттің этникалық қабаты – жалпы сана, күнделікті тіл және дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет болып табылады деген тұжырым келтіреді. Демек, этнографияның пәндік саласына белгілі бір дәрежеде этникалық ерекшелігі бар этностың барлық компоненттері кіреді. Этностың бұл компоненттері ауызша және ауызекі тіл арқылы көбейеді, бұл оның этномәдени лексикасын құрайды [1,52].

Қазақ тілінің этномәдени лексикасына рухани және материалдық мәдениетке қатысты тілдік бірліктер кіретіні белгілі. Бұл екі бөліністі де жан-жақты зерттеу тіл тарихын білуге мүмкіндік береді. Бұл жайында ғалым Р.Г. Ахметьянов: «термины материальной культуры отражают важнейшую сторону человеческой деятельности – производства материальных благ (пищи, одежды и жилища). Поэтому из разбор представляет первостепенную важность для изучения истории народа», – деп өз ойын білдіреді [2,170]. Ғалым-тілші Е.Н. Жанпейісов өзінің «Этнокультурная лексика казахского языка» деген еңбегінде рухани, материалдық, халықтық, отбасылық, туыстық тақырыптарға қатысты тілдік бірліктерге тоқталып, антропоним, топоним және этнонимдерге жан-жақты талдау жасады. Сонымен қатар ғалым: «...бұрын қазақтардың материалдық мәдениеті мал шаруашылығымен байланысты болған. Алайда, ұсынылған жұмыста біз тек өзінің фономорфологиялық келбеті мен семантикалық табиғаты бойынша бірқатар нысандармен этимологиялық байланысқа түсіп, қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы мәліметтерді қамтитын атаулардың тарихи-этнографиялық сипаттамасымен шектелміз», – деген болатын [3,5].

Ғалым Ж.А. Манкееваның айтуынша қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі – ғасырлар бойы мирас болып келе жатқан тіліміздің мәдениетке қатысты қазынасын тілдік тұрғыда талдау. Сондықтан ғалым бұл мәселені шешудің мына жолдарын көрсетеді:

А) Эпостық, батырлық жырлардан, ақындар мен жыраулар шығармаларынан, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден, диалектілік, кәсіби лексикадан ұлттық мәні бар көне атауларды, ұғымдарды жинақтау;

Ә) Этномәдени бірліктерді тілдік тұрғыда ғана емес, гендерлік, әлеуметтік, кәсіби мағыналық топтарға бөлу;

Б) Белгілі бір тарихи дәуірде актив қолданыста болған тұрақты тіркестерге не тілдік бірліктерге функционалды-семантикалық, ономазиологиялық талдау жасау;

В) Семантикалық, грамматикалық даму барысында, қолданылу аясында көптеген өзгерістерге ұшыраған мәдениетке қатысты этнолексикаға жасалған тарихи-лингвистикалық реконструкцияны мәдени реконструкциямен байланыстыру;

Г) Көне түркі ескерткіштері мен түркі тілдері жүйесінің тарихи қабаттарын салыстыру арқылы этномәдени атаулардың этногенездік тарихи көздерін анықтау;

Ғ) Кейбір мәдени атаулардың архетиптерінің өзегін құрайтын өлі түбірлерді фономорфо-семантикалық құрылым негізінде диахрондық тұрғыдан сипаттап, уәждік негізін тарихи деривация мен номинация шегінде анықтау;

Д) Мәдени атауларды этимологиялық тұрғыда зерттеу [4,197-198]; Қазіргі таңда тілдің ішкі мазмұнына баса көңіл бөлу, оның қоршаған ортамен, адаммен байланысы «этнос пен тіл» қатынасына сәйкес келетін антропоэлектік бағытты қалыптастырды. Бұл парадигма негізінде (адам) орталық ядроны құрайды. Себебі адамзат баласы қоршаған ортаға деген танымын (тіл білімінде «әлем бейнесі») тіл арқылы көрсетеді.

І.Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігі» және Ө. А. Aksoy (1988). «Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü», Metin Yurtbaşı “Sınıflandırılmış. Deyimler sözlüğü» еңбектерінде «кедей» ұғымына қатысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер жайлы көптеген ақпараттар беріледі.

Талқылау және нәтижелер

Тілімізде әртүрлі әлеуметтік, қоғамдық, таптық топтарға қатысты атаулар мен ұғымдар бар. Біз нысан етіп алып отырған «кедей» ұғымының синонимі ретінде *байқұс, жалшы, жарлы, жарлы-жақыбай, қара, қайыршы, қараша* сөздері қолданылады. Этнолингвистикалық сөздікте: «кедей – мал-дәулеті жоқ, күнкөріс жағдайы төмен адам, жарлы – кедей, жоқ-жітік», деген анықтама берілген [5, 103]. Ал *жақыбай, жарлы-жақыбай* дегеніміз жоқ, жарлы адамдар, кедей тобы. Бұл сөздердің бәрі синоним, бір мәнде жұмсалады. Түбірі *жақы, бай* қосымша болуы керек. Бұл жөнінде К.К. Юдахин: *жақы* – эпостық жырларда кездесетін моңғол сөзі, қырғыз халқында *қайғы, қасірет* деген мағынада жұмсалады (Юдахин К.:1940, 162 б.) Мысалы: Сол бір кезде есімде Сан мың *жарлы-жақыбай, Қайыр сұрап жүретін, «Нәр татпадым»* деп кешеден (Нұртуған) [6,52]. Қоғамның әрбір тарихи кезеңдерінде төменгі тап өкілдері ретінде кедейлердің өмірі, атқарған қызметтері ауыр, әрі қиын болған. Кедей сөзінің семантикалық мәні бай сөзімен бинарлы қатынасқа түскенде толық ашылатын секілді. Себебі ғасырлар бойы қалыптасқан бай-кедей өкілдерін салыстыру арқылы белгілі бір халықтың тұрмысынан, тіршілігінен хабар алуға болады. Мысалы: Кедей «байға жетсем» дейді, Бай «құдайға жетсем» дейді, яғни кедей арманын айтса, байдың сұрағаны пендешілік, байығанның үстіне баю. Түрік тілінде кедей адамды (yoksul) деп атайды. Түрік сөздігінде бұл сөзге (тіл табысу, өмір сүру қиынға соғатын адамдар) деген анықтама беріледі (ТС: 2188). *Fakir, garip, gariban, öksüz, abdal* кедей сөзінің концептілік аясына кіреді. *Yoksul* сөзінің түбірі *yok/жоқ* сөзінен шығып тұр, көне түрік сөздігінде (*yoksul, fakir*) *çıgan, yarlıg* сөздері

арқылы жасалған. *Çıgan* сөзі *yok* бірлігімен де кездеседі: *yok çıgan* (ДТС: 147-148). Ал қырғыз тілінде *букара, факир, бакыр, жарды, кедей* ұғымдары қара күшпен күн көрген қарапайым халықты, көмекке мұқтаж қара адамдарды атаған. Бұл сөздің семантикалық мағынасы тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің құрамында толық ашылады.

Жеті атасынан түк көрмеген. Ата тегінен бері қарай өмірі аузы жарымаған (ФС:202). Қарапайым өмір сүрген, көне заманнан бері жарлы, арғы аталарынан жоқшылық көрген адамға қатысты айтылған тіркес. Бұл тұрақты тіркеске карсы антонимдік мәнде тілімізде *жеті атасынан бері негізі тойған немесе жеті атасынан қара көк* фразеологизмдері қолданылады. «Жеті» сан есімінің мәдени коды қазақ, жалпы түркі халықтары үшін киелі, қасиетті, әрі символдық мәнге ие. Көрсетілген мысалдағы «жеті» уақыт, мезгілдің шартты көрсеткіші болып отыр, сондықтан белгілі бір әулеттің ұзақ уақыт бойы кедей болуы, байымауы мағынасында тілімізде қолданылады.

Қара табан. Қара қасқа кедей. Еңбегін сатып күн көрген кедей (ФС:328). Ғалым А.Н.Кононов «Семантика цветообозначений в тюркских языках» атты мақаласында қара түсінің мына мағыналарына тоқталады: 1) қара, қараңғы қайғы, қатал, қасірет; 2) қара мал, халық, қара қол, әскер, жиналған қара (адамдар); 3) қара жер, құрлық; 4) жартас, т.б. Осы көрсетілген семантикалық мағыналардың ішінде қара - халық қатынасына тоқталады. «В тюркских рунических памятниках слово *qara* выступает как парный компонент в составе словосочетания *qara bodun* (народ, народные массы), «простой люд»; (ТС.:169), ал көне түрік сөздігінде: *qara bas* (раб, яғни құл), *qara am bodun, qara bodun* (қара халық, қарапайым адам) деп беріледі (ДТС.:423). Жалпы өз басында ешбір мүлкі жоқ кедейлер бай адамдарға жалданып қызмет істеген. Мал шаруашылығымен айналысып көшпелі өмір сүру салты қалыптасқандықтан жарлылар қойшы, малшы, түйеші, жылқышы, отыншы, малай қызметтерін атқарған. Кедейлер ауқатты адамдардың ауыр жұмыстарын істеген, сондықтан тұрмыс жағдайлары төмен, киімдері жұпыны, тұратын тұрақ, киіз үйлері шағын әрі қара тартып тұратын болған. Этнографиялық сөздікте бұл жайлы: «киіз үйдің сыртқы жабуына қарай қара үй, қоңыр үй және қараша үй деп атаған. Қара үй дегеніміз ыдыс-аяқ, қазан-ошақ, ас тұратын үй. Тұрмыс деңгейі төмен немесе орташа адамдар қыс, күз айларында осындай үйді паналаған. Қара түсті киіз үйдің сонымен қатар өзге танымдық мағынасы бар. Мысалы, қырғыз халқында қайтыс болған адамның денесі қойылған үйді *қара үй* деп атайды. Ал қараша киіз үйлер кедей, жағдайы мүлде төмен, қызмет жасайтын жалшылардың үйі болған. Осыған байланысты қазақта (қарның ашса, қараша үйге шап) деген мақал қалыптасқан. Қараша сөзі елеусіз, қарапайым, бағынышты деген мағынаны білдіреді» [7,121]. Біз көрсеткен фразеологизмдердегі *қара* сөзі материалдық дүниенің көрінісі тұрақты тіркестердің құрамында әлеуметтік топ өкілдерінің ара жігін ажыратуда қолданылып тұр. *Қара бітпеген.* Тақыр кедей, есігінде адалға қарасы жоқ (ФС: 322). Бұл фразеологиядағы *қара* белгілі бір дүниенің, заттың түсі емес қара-мал, яғни адамның кедей болғаны соншалық басында бірде-бір малы жоқ деген мәнде қолданыс тапқан.

Аузы аққа жарымаған. Ауы атқа, аузы аққа жарымаған. Фразеологизмдердің бойында символдық немесе ауыспалы жасырын мағынаның болуы қалыпты жағдай. Бұл тұрақты тіркестегі ақ сөзінің семантикалық реңкіне тоқталсақ. Ақ сөзінің бастапқы семантикасы

қасиетті мәнінде қолданылған. Әсіресе, халық мәдениетінде, діни-мифологиялық наным-сенімдердегі ақ заттарға деген көзқарас ерекше. Бақытсыздықтың алдын алу немесе шүкіршілік ету үшін аурудан айығу, адам үшін қауіпті кез келген оқиғаның сәтті аяқталуы үшін (ақ құрбандық) құрбан ету дәстүрі бар. Сондай-ақ құрғақ, ашық ауа райын шақыру ырымында күнге арналған ақ түсті жануарды құрбан ету дәстүрі ежелде қалыптасқан. Тыйымдар мен ырымдар аққуды атпау (бір отбасы өледі), ақ жыланды өлтірмеу (барлық жыландар жиналады, бақытсыздық болады), т.б. Ақ сөзі теңеу, тұрақты тіркес, топоним, антропоним, мақал-мәтелдердің құрамында тура және ауыс мағынада қолданылады. Келтірілген мысалдардағы ақ – сүт, сүт тағамдары. Бұл фразеологиялық тіркестің қалыптасуына мал шаруашылығымен ғасырлар бойы айналысқан, көшпелі өмір сүру салты қалыптасқан халықтың тұрмыс тіршілігін байқауға болады. Халықтың танымы, қоршаған ортадағы құбылыстарға деген түсінігі тілі арқылы көрініс тауып отыр.

Биті балағына түскен, Үрерге иті, сығарға биті жоқ. Битін қуырып жеген. Биті сығып қанын жалаған. Жарымады, тақыр жоқшылықта отыр (ФС:119). Тұрақты тіркестегі *бит* сөзіне мән берсек. Біріншіден, бит өте кішкентай, зиянкес жәндік. Бұл жәндіктің көлемі өте кішкентай болғандықтан ассоциациялық тұрғыдан кедейдің мүмкіншілігінің аз мөлшерде, жалпы жағдайының өте нашар екендігін көрсету мақсатында алынып отыр. Екіншіден, бит лас, кір жерлерде мекендейді, сондықтанда лашықтар мен қараша үйлерде тұрған жарлылардың биттеп кетуі жиі орын олған құбылыс. Түрік тілінің фразеологиялық сөздігінде *biti kanlanmak* деген тіркестің кедей адамға қатысты айтылуы да заңды. Қазақта *бит қабығынан биялай тоқиды* деген фразеологизм бар, оның мағынасы болмашы нәрсені кәдеге жарату, жоқтан бар жасау мәнінде қолданылады.

Шыр бітпеген кедей. Тілімізде бойыңа *шыр* бітпесін, тойып ас ішпей өт! деген қарғыс мәнді тіркес бар. Жүйрік аттардың болмыс, бітімін суреттегенде *қаншыр* мойын тіркесін жиі кездестіреміз. Осы тілдік бірліктердегі *шыр* сөзіне тоқталсақ. Біріншіден, *шыр* сөзі қимылды, әрекетті білдіретін сөз: *шыр-пыр болу, шырылдап айту, шыр болу, шыр айналу*, т.б. Екіншіден, дерексіз құбылысты суреттеуде қолданылады: *шыр айналған дүние, бұл жерде символдық мәнде мезгіл, уақытты танытып тұр.* Үшіншіден, біз қарастырып отырған тіркестегі мағынасы. *Шыр бітпеді* дегеніміз жүдеді, арықтады, май бітпеді деген мәнде (І.К.:572).

Ыңыршағы шыққан кедей. Ыңыршағы айналып кетті, аңыршағы айналғыр тіркестеріндегі *ыңыршақ* дегеніміз жылқы немесе өгізге жүк артқанда қолданылатын әбзел. Алайда оның өзге мағыналарын ғалым В.В. Радлов көрсеткен болатын: 1.Сықыр (скрипящий); 2.Жүк артатын ер (вьючное съдло); 3. Арық, май бітпеген ат, жылқы [8,4]. Ал ғалым Ә. Қайдар: «*Ыңыршақ* – деревянная седелка, у которой выступает сложенный каркас из дерева, напоминающий скелет, кости очень худого человека», өте арық адамның сүйегіне ұқсайтын ағаштан жасалған ер [9,342]. Қазақ халқында үйлену ғұрпына сәйкес «ыңыршақ көру» дәстүрі бар. Күйеу жігіттің ата-апасы бұл дәстүрге ерекше мән береді, жағдайына қарай ат міндіріп, шапан жабады. Яғни бұл фразеологизмнің мағынасы өте кедей, жағдайы төмен адам.

Адамның анатомиялық дене мүшелері арқылы жасалған тіркестер: сирағы шыққан кедей (маңдайында түгі жоқ, тап-тақыр жарлы) (І.К.:461). Қолы қысқа/ қысқа қол

(жетіспеушілік, жоқтық, кедейлік туралы айтылып тұр) (I.K.:379). Ал түрік тілінде мынандай тұрақты тіркестер кездеседі: *Fukara babası/yoksulları korusun, yoksullara yardım etmeyi seven* (ADS:658) – Фукараның Әкесі/кедейлерді қорғау, кедейлерге көмектесуді жақсы көру; *İrten kuşak kuşanmak/yoksul düşmek*(ADS:744) – арқанға байлану/кедей болу; *kıt kanaat "geçinmek"/yoksulluk içinde ve güçlkle* (ADS:784)– кедейлікте және қиындық; *od yok, ocak yok /O denli yoksul ki mutfağında pişirilecek bir şey yok* (ADS:824) – от жоқ, ошақ жоқ/оның кедей болғаны соншалық, оның ас үйінде тамақ дайындауға қажет ештеңе жоқ; *odsuz, ocaksız/yoksul, aç ve barınaksız* (ADS:829) – бөлме жоқ, пеш жоқ/кедей, аш және баспанасыз; *eline vur, ekmeğini al /miskin, sessiz, rısıgık, zavallı* (ADS:920) – оның қолынан ұр, наныңды ал/тыныш, әлсіз, кедей. Ал ғалым *Metin Yurtbaşı* өз еңбегінде кедей сөзіне қатысты мына тұрақты тіркестерді көрсетеді: *fakir fukura, yoksullugunu çekmek* [10,460]. Түркі халықтарында *кедей* көмекке мұқтаж, қарапайым адам. Фразеологизмдерде үйі жоқ, тіпті ішерге асы жоқ жағдайы мүлде төмен адамның образын жасайды. Бұл түсінік қазақ, қырғыз тілдерінде де көрінеді.

Қырғыз тілінде кедей ұғымына қатысты мына тұрақты тіркестер кездеседі:

Адалдан түгү жок. Колунда малы жок, жарды, жоксуз [11,21].

Жону жука. Жарды, кедей, колунда жок, алсыз [11,105].

Кара таман. Кедей, кембагал, колунда жок, жарды [11,148].

Кол кыска. Колунда жок, жнтиксиз, жоксуз [11,159].

Колу жука. Колунда жок, оокаттуу, жетиштүү турмушта эмес, оокат-тиричилиги чабал, жоксуз] [11,161].

Өпкөсү көрүнүү. Өтө жоксуз [11,243].

Чор таман. Кедей, кембагал, жарды [11,303].

Чөнтөгү тайкы. Колу жука, начар, акчасы жок [11,303].

Этек-жеңи тайкы. Колунда жок, жоксуз, кедей [11,321].

Күні біткен жалшы, Көнекті сырттан салады. Бұл мақалдағы көнек деп отырғанымыз мал саууға арналған, теріден жасалған ыдыс атауы. Түйе немесе жылқының көн терісінен жасалғандықтан тігісі аз болады. Көнектің мал шаруашылығында пайдасы зор болған, себебі теріден жасалғандықтан сауу кезінде мал тітіркенбей бір қалыпта тұрған. Тілімізде көнекті сырттан салды тұрақты тіркесінің мағынасы немқұрайлы қарау, яғни берілген мақалдың мағынасы ауыр жұмыстарды істеген кедей, жалшының шаршауы, күн батқанда көп іске немғұрайлы қарауы. Қазақ тіліндегі кедей концептісі мақал-мәтелдердің басым көпшілігі бай-кедей қатынасында ашылады: Базар – бай, алушы – кедей, байлық – мұрат емес, кедейлік – ұят емес, кедей мен бай жолдас болмас, қасқыр мен қой жолдас болмас, бай – балпаң, жоқ – қалтаң, жарлы – жомарт, бай – нәмарт, т.б.

Eksiksiz ev; yoksulsuz köy olmaz. Түрік тілінде кездесетін бұл мақалдың мағынасы еркексіз үй, кедейсіз ауыл болмас. Жер бетіндегі кез келген ұлттар мен халықтардың әртүрлі әлеуметтік топтарға бөлінетінін білеміз, әсіресе жоғарғы, төменгі тап өкілдерінің қақтығыстары, өмір сүру салтының айырмашылықтары сол елдің тілінде көрініс табатыны белгілі. Түрік танымындағы кедейлік өлім мен бөлінудің баламасы. Түрік халық ауыз әдебиеті үлгілерінде «Allah insanı it etsin, rut (yoksul) etmesin!», яғни «Алла адамды кедей етпей, итермелесін!» деген тілектер жиі ұшырасады. Бұл түрік дәстүріндегі

кедейліктен арылу, жақсы өмірге ұмтылуға тырысу мотивін көрсетеді. Оны мына мақал-мәтелдерден көрумізге болады: *Aç gezmektense tok ölmek yegdir* \ аш өлгеннен тоқ өлген жақсы, *fakirlik kariуi асınca ашк pencereden қаçar* \ кедейлік есікті ашқанда, махаббат терезеден қашады», *fakirlik ауір degil, tembellik ауір* \ кедейлік ұят емес, жалқаулық ұят. Түрік мақал-мәтелдері, тұрақты тіркестері түрік халқының кедей мен жоқшылыққа деген көзқарасы туралы маңызды сырларды ашады. Мақал-мәтелдердің маңызды бөлігінде тұрмыс-тіршілігін өтей алмаған адамдардың қиындығы, жоқшылықтың қандай сұмдық дерт екені, ақшаның құдіреті әсерлі түрде ашылады. Мысалы, *Fukaraya deęneęin bile çatlaęı dүşer* / Тіпті кедейдің таяғы да жарылған. Бір қызығы кедейлік туралы мақал-мәтелдердің көпшілігі кедейдің бақытсыздығына бағытталған. Сынға түскен мәселенің бірі – байыған кедейлердің көзқарасы. Мысалы, *bir zengin fakir olursa, kırk yıl zenginlik; bir fakir zengin olursa, kırk yıl fakirlik kokar* / Бай кедей болса, қырық жыл байлық; Кедей байыса, қырық жыл кедейлік сасып қалады.

Кесте 1

Қазақ, қырғыз, түрік тілдеріндегі кедей ұғымына қатысты ұқсас мақал-мәтелдер

Қазақ тілінде	Қырғыз тілінде	Түрі тілінде
Жарлы болар жігітке қазалы мал тап болар	Жарды болоор жигит эрин-чээк болот (мағынасы ұқсас)	Fakir olacak insana, ölecek hayvan rastlar
Кедейдің аузы асқа жеткенде, басы тасқа жетеді		Fakirin aęzı аша deędięinde başı taşа deęer
Кедейлік кемшілік емес	Кедейлік – кемтик эмес	Fakirlik eksiklik deęildir
Асы жоқ үйді ит те сүймейді	Ашы жок үйдү ит да сүйбөйт	Aşı olmayan evi köpek de sevmez
Аш бала тоқ баламен ойнамайды	Ач бала ток бала менен ойнобойт, ток бала ач болон деп ойлобойт	Aç çocuk, tok çocukla oyamaz
Бар барын айтады, жоқ зарын айтады	Бар – барын айтат, жок – зарын айтат	Varlıklı kiři varlığını anlatır; yoksul kiři sıkıntısını anlatır
Өз қолыңда жоқ болса, атаң да жат	Өз колуңда болбосо, өлдүм десең ким берет	Elinde yoksa baban da yabancı

Қазақ, түрік мақал-мәтелдерде бай мен кедейдің ара қатынасы, өзара қайшылықтары анық көрінеді. Кедейліктің жалқаулықтан болатыны бірнеше мақал-мәтелдерде айтылып, кедейге көмектеспеген байлар да сынға ұшыраған. Бұл мақал-мәтелдердің көпшілігін қоғамдағы келеңсіз жайттарды анықтау, сынау деп бағалау керек. Қазақ, түрік, қырғыз тілдеріндегі кедей ұғымына қатысты ұқсас мақал-мәтелдер де бар. Бұл халықтардың белгілі бір ұғымға қатысты ойларының сәйкес келуі, кедей ұғымының этномәдени ерекшелігін танытады.

Зерттеу мақаласын жазу барысында «кедей» ұғымына қатысты тілдік бірліктердің лексика-семантикалық ерекшеліктерін қарастыру, туыстас тілдердегі фразеологизмдер

мен мақал-мәтелдерді жан-жақты салыстыру, этнолингвистикалық, этнографиялық сипатын анықтау – тілдің даму тарихын, ұлттық сипатын анықтауда, түркі тілдерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстыруда маңызды. Қазақ, қырғыз, түрік тілдерінің лингвистикалық ерекшелігін, тілдік бірліктерінің жалпы сипатын анықтауда этнографизмдер мен этномәдени бірліктерге тоқталамыз.

Белгілі бір ұғымға қатысты тілдік бірліктердің этномәдени ерекшелігін қарастыруда бір немесе бірнеше халықтың теориялық мәліметтері негізге алынады. Себебі кез келген этнографиялық зерттеулер халықтың болмысын таныта алатын сөздің этимологиясын, лексика-семантикалық мағынасын айқындап, тілдің қарқынды дамуына жол ашады.

Қорытынды

Тіліміздегі кез келген сөз, фразеологизм, мақал-мәтел, өзге тілдік бірліктер этномәдени лексиканы құрап, ұлттық мәдени ақпарат береді. Этномәдени мағына этнос пен тілдің бүкіл тарихында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Тілді меңгеру арқылы әлемнің тілдік бейнесін танитыңыз белгілі. Мақаланы жазу барысында осы уақытқа дейінгі этнографиялық, этнолингвистикалық зерттеулерге сүйене отырып, жалпы тілдік бірліктерді этномәдени тұрғыда зерттеудің маңызын түсіндіруге тырыстық. Ғалым Ә.Қайдар «Адам, Қоғам, Табиғат» макрожүйесінен тұратын ірі этнолингвистикалық еңбек жазып қалдырды. Аталған әрбір макрожүйе көптеген микрожүйелерге бөлінген. Мәселен: қоғам бөліміне кіретін әлеуметтік топтарға қатысты атаулардың ішінде біз нысан етіп отырған «кедей» ұғымының этнолингвистикалық сипаттамасы берілген. Бұл сөздің этномәдени ерекшелігін анықтау маңызды. Себебі қазақ, түрік, қырғыз тілдеріндегі «кедей» сөзіне қатысты тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді салыстырғанда туыстас халықтардың бұл түсінікке қатысты тұжырымдарын, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын байқаймыз. Бұл тілдердің барлығында кедей деп отырғанымыз жағдайы төмен адам, яғни мал мен дүниеге мұқтаж жан, ал әрбір халықтың танымында белгілі бір ерекшелікті байқау қиын емес. Мысалы, қазақ мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінде кедей мен бай бинарлы ұғымдары салыстырыла қаралады. Себебі бұл қоғамдағы ғасырлар бойы қалыптасқан әлеуметтік тап өкілдерінің арасындағы тепе-теңдіктің болмауы. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерде бит жәндігінің кедей бейнесін ашуда актив қолданыс табуы көшпелі қазақ мәдениетінен хабар берсе, ал түрік тілінде кедей өліммен, қайғы, қасіретпен тең, алайда мақал-мәтелдерден еңбекке адал, қайырымды кедей бейнесін жиі кездестіруге болады. Осы аталған үш тілде кездесетін мақал-мәтелдердің ұқсас болуы жалпы «кедей» атауының (тілдік бейнесін) көрсете алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бромлей Ю.В. Этнос и этнография: монография. – М.: Наука, 1973. – 285 с.
2. Ахметьянов Р.Г. Сравнительное исследование татарского и чувашского языков. – М.: Наука, 1978. – 247 с.
3. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М. Ауэзова). – Алма-Ата: Наука, 1989, – 288 с.

4. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері.– Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
 5. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. - Т.2. –Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. –728 б.
 6. Өтемісова Г.Ж. Қазақ тіліндегі көнерген аталымдар лұғаты. – Алматы, 2012. - 192 б.
 7. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК “СЛОН”, 2012. – 736 б.
 8. Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. - Петербургъ. PETERSBOURG: 1911. – 1358 с.
 9. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 308 б.
 10. Metin Yurtbaşı. Sınıflandırılmış. Deyimler sözlüğü. – Istanbul: Excellence Publishing, 2012. – 446 б.
 11. Кыргыз тилинин фразеологиялык сөздүгү. – Фрунзе: «Илим» баспасы, 1980. – 323 б.
- Қысқартулар:
ФС – Фразеологиялық сөздік, 1975
ТС – Тюркологический сборник, 1978
ДТС – Древнетюркский словарь, 1969
ADS – Aksoy, Ö. A. (1988). Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü 1 Atasözleri Sözlüğü, İstanbul: İnkılâp Yayınları.

References

1. Bromley Yu.V. Etnos i etnografiya: monografiya [Ethnos and Ethnography: monograph] (Nauka, 1973, 285 p.). [in Russian]
2. Ahmetyanov R.G. Sravnitel'noe issledovanie tatarskogo i chuvashskogo yazykov [Comparative Study of Tatar and Chuvash languages] (Nauka, Moscow, 1978, 247 p.). [in Russian]
3. Zhanpeisov E. Etnokul'turnaya leksika kazahskogo yazyka (na materialah proizvedenij M. Auezova) [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language (materials on the production of M. Auezova)] (Nauka, Alma-Ata, 1989, 288 p.). [in Russian]
4. Mankeeva Zh. Kazak til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics] (Abzal-AI publishing house, Almaty, 2014, 640 p.). [in Kazakh]
5. Kaidar A. Kazaktar ana tili aleminde: etnolingvistikalık sozdik [Kazakhs in the world of their native language: ethnolinguistic dictionary] (Sardar publishing house, Almaty, 2013, 728 p.). [in Kazakh]
6. Otemisova G.Zh. Kazak tilindegi konergen atalymdar lygaty [Ancient titles in the Kazakh language] (Almaty, 2012, 192 p.). [in Kazakh]
7. Kazaktyn etnografiyalık kategoriyalar, ygymdar men ataularynyn dastyrly zhyjesi. Enciklopediya [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia] ("Elephant", Almaty, 2012, 736 p.). [in Kazakh]
8. Radlov V. V. Opyt slovarya tyurkskih narechij [Experience of the Russian Turkic language] (PETERSBOURG, Petersburg, 1911, 1358 p.). [in Russian]
9. Kaidar A. Kazak tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language] (Ana tili, Almaty, 1998, 308 p.). [in Kazakh]
10. Metin Yurtbasi. Classified. Idioms dictionary (Excellence Publishing, Istanbul, 2012, 446 p.). [in Turkish]
11. Kyrgyz tilinin frazeologiyalyk sozdygy [Kirgiz tilinin phraseological dictionary] (Publishing house "Ilim", Frunze, 1980, 323 p.) [In Kyrgyz]

Abbreviations:

FS-Phraseological dictionary, 1975

TS- Turkological collection, 1978

DTS- Ancient Turkic dictionary, 1969

ADS – Aksoy, O. A. Dictionary of Proverbs and Idioms 1 Proverbs Dictionary, Istanbul: Inkilap Publications (1988).

К.К. Сарекенова, Ф.С. Мухтарова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

**Этнокультурные особенности языковых единиц, связанных с понятием «бедный»
(по материалам казахского, кыргызского, турецкого языков)**

Аннотация. Данная статья посвящена рассмотрению этнокультурной специфики языковых единиц по отношению к понятию «бедный», входящему в макросистему человека. Через язык мы видим самобытность, культуру, духовные и материальные ценности, образ жизни, знания и понимание народа. Поэтому основная цель исследовательской статьи - выявить познавательный характер понятия «бедный», рассмотреть специфику, смысловое значение этого слова в казахском, кыргызском, турецком языках и показать их различия и сходства. Были представлены знания и мысли, лексика, пословицы, фразеология и крылатые фразы, связанные с понятием бедняка. Проведен анализ семантики, лингвокогнитивного значения слов *байқус, жалши, жарлы, жарлы-жакыбай, нищий*, входящих в казахский микроконцепт бедняка, и фразеологизмов, образованных этими словами. Этимология турецкого слова «yoksul» (бедный), устойчивых фраз, связанных с этим именем, была этнолингвистически дифференцирована. Сравнивались и демонстрировались различия в сходных фразеологизмах, встречающихся на трех языках. Узнав внутренний смысл языка в целом, можно распознать целый этнос, народ. В современной лингвистике изучение связи языка и культуры рассматривается как актуальная проблема. Изучение этнокультурных единиц, относящихся к понятию бедноты, определение истории их происхождения, рассмотрение сферы их применения в настоящее время, а также определение места в исторической лексике, культуре, обычаях и традициях нашего народа подчеркивают актуальность статьи.

Ключевые слова: бедные, устойчивые выражения, культурный код, пословицы, этнография, этнокультурный аспект.

K.K. Sarekenova, F.S. Mukhtarova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Ethnocultural features of linguistic units associated with the concept of "poor"
(based on the materials of the Kazakh, Kyrgyz, Turkish languages)**

Abstract. This article is devoted to the consideration of the ethno-cultural specificity of linguistic units in relation to the concept of "poor", which is part of the human macrosystem. Language provides insight into the identity, culture, spiritual and material values, way of life, knowledge and understanding

of the people. Therefore, the main goal of the research article is to identify the cognitive nature of the concept of “poor”, to consider the specifics, the semantic meaning of this word in the Kazakh, Kyrgyz, and Turkish languages, and to show their differences and similarities. The article presents knowledge and thoughts, vocabulary, proverbs, phraseology and catchphrases related to the concept of the “poor”. The analysis of the semantics, linguocognitive meaning of the words *baikus*, *zhalshi*, *zharly*, *zharly-zhakybay*, *beggar* included in the Kazakh microconcept of the poor, and phraseological units formed by these words was carried out. The etymology of the Turkish word “*yoksul*” (poor), set phrases associated with this name, has been ethnolinguistically differentiated. Differences in similar phraseological units found in three languages were compared and demonstrated. Having learned the inner meaning of the language as a whole, one can recognize a whole ethnic group, people. In modern linguistics, the study of the relationship between language and culture is considered as an urgent problem. The study of ethnocultural units related to the concept of the poor, the definition of the history of their origin, the consideration of the scope of their application at the present time, as well as the definition of their place in the historical vocabulary, culture, customs and traditions of our people emphasize the relevance of the article.

Keywords: poor, set expressions, cultural code, proverbs, ethnography, ethno-cultural aspect.

Авторлар туралы мәлімет:

Саркенова Қ.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Мұхтарова Ф.С. – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Саркенова К.К. – кандидат филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Мухтарова Ф.С. – докторант, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Sarkenova K.K. – Candidate of Philological Sciences, Professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Mukhtarova F.S. – Ph.D. student, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).